



БҰЙРЫҚ

2024 жыл «02» қыркүйек

Астана қ-сы

ПРИКАЗ

№210- Н/Қ

г.Астана

2024-2025 оқу жылына
оқушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, БҒМ 2018 жылы 31 қазан айындағы №598 бұйрығы, Астана қ.Білім басқармасының 2024 жылғы 11 шілде айындағы №1263 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.К.Жетписпаева, әлеуметтік педагог Д.Ш.Пленник, бас есепші А.К.Қалдыбекова 2024 жылғы 02 қыркүйектен бастап 1-11 сынып оқушыларына ыстық тамақ ұйымдастыру және қамтамасыз етілсін. Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларға тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну бойынша сапалы мемлекеттік қызмет көрсету қамтамасыз етілсін.
2. Оқу жылының басында шикі және дайын өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асыратын, асханада санитарлық –гигиеналық нормалардың сақталуын бақылайтын мектеп-лицей директорының төрағалығымен ата-аналар мен мектеп-лицей әкімшілігі қатарынан бракераж комиссиясы құрылсын.
3. Әлеуметтік педагог Д.Ш.Пленник мектеп-лицей бойынша әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларға тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты маман ретінде тағайындалсын.
4. Медицина қызметкері, әлеуметтік педагогпен оқушылардың тамақтану кестесі мен ұзақтығы әзірлесін.
Оқу жылы ішінде бекітілген күнделікті және перспективалық мәзір болсын, СанПиНнің талаптарына сәйкес бракераж журналдары жүргізілсін.
5. Тоқсан сайын директор жанындағы кеңеске немесе педкеңеске тамақтану сапасы туралы есеп берілсін.
6. Ай сайын білім басқармасына мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет бойынша есеп ұсынылсын.
7. Мектеп-лицей әкімшілігінің асханадағы кезекшілік кестесі бекітілсін.

8. К.А.Аханова мектеп сайтында «Мектеп тамағы» айдарын қайта қарасын. Мектептегі тамақтануды,мәзірді, бракераж комиссияның құрамын және т.б. ұйымдастыру бойынша ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етсін.
- 9.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



М.Д. Рысмухамбетова